

**Ақтөбе облысының Қоғамдық кеңесінің кеңейтілген
отырысының №__ хаттамасы**

Ақтөбе қаласы
Облыс әкімдігінің
ғимараты №301 зал

2018 жыл «26» маусым
сағат 17.00

Төрағалық етуші: Ақтөбе облысының Қоғамдық кеңесінің төрағасы
Қуаныш Далабайұлы Елубаев.

Қатысқандар: Ақтөбе облысының Қоғамдық кеңесінің мүшелері,
мемлекеттік органдардың басшылары (тізім бойынша).

Күн тәртібі:

- 1. Ақтөбе облысы бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді көрсетудің сапасының жағдайы туралы.**
- 2. Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы саласын дамыту мәселелері туралы».**
- 3. Қоғамдық кеңестің 2 жарты жылдыққа арналған жұмыс жоспары, кеңес құрамын бекіту туралы мәселелер.**

Тыңдалды:

- 1. Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы саласын дамыту мәселелері туралы»**

Баяндамашы: Сәрсембай Құсаин Іскендірұлы – ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы (баяндама қоса жалғанды).

Бірінші мәселе бойынша ұсынылсын:

Ақтөбе облысының ауыл шаруашылық басқармасына:

- Ақтөбе облысында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту және агробизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша жүктелген функциялар мен міндеттерді орындау бойынша жұмыстарды жалғастыру;

- минералдық тыңайтқыштарды және зиянды организмдерді химиялық өңдеу құнын субсидиялау бойынша қаражат бөлуде тұрақты негізде мемлекеттік қолдау көрсету;

- сүт қабылдау бекеттерін, сүт және ет өнімдерін тасымалдау үшін техника сатып алу, мал сою цехтарын құру, сондай-ақ мал шаруашылықтары жайылымдарын суландыру құдықтары үшін ауыл шаруашылығы кооперативтеріне арналған инвестициялық субсидияларды уақытылы беру;

- ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және өсімдік майын, жеміс-көкөніс консервілерін, сүт өнімдерін, сүзбе, сары май және шұжық өндіру бойынша басым өнімдердің тамақ өнеркәсібі өндірісін күшейту жұмыстарын жүргізу;

- несиелеу, лизинг және инвестициялық субсидиялау бағдарламалары арқылы ауыл шаруашылығы техникаларын жаңарту;

Ауыл шаруашылық басқармасы Ақтөбе қаласы және аудан әкімдерімен бірлесіп:

- жайылымдарды ұтымды пайдалану және олардың тозуы мен шөлейттенуіне қарсы күрес бойынша іс-шаралар өткізу;
- жарамды жерлерді егістік үшін, әсіресе топырағы құнарлы аудандарда ауыспалы егіске енгізу, қайтарымды жерлер есебінен егістік алаңын ұлғайту;
- егіс алқаптарын әртараптандыру, құрғақшылыққа төзімді, нарықта жоғары сұранысқа ие дәнді дақылдардың сорттарын көбейту;
- дәнді дақылдарды өндіру, оның ішінде, минералдық және органикалық тыңайтқыштар мен гербицидтерді пайдалану кезінде агротехнология талаптарын сақтау;
- мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің төмендеуіне жол бермеу мақсатында мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы есебінен мал басын арттыру.

2. Ақтөбе облысы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетудің сапасының жағдайы туралы

Баяндамашы: Пак Илья Валерьевич – ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің басқарма басшысы (Баяндама қоса жалғанады).

Екінші мәселе бойынша төмендегідей ұсынылсын:

Мемлекеттік орган басшыларына келесіні қамтамасыз ету:

- ақпараттық жүйелерінің әкімшілерімен («ҰАТ» АҚ) бірлесіп мемлекеттік қызметтерді электронды түрде рәсімдеуге арналған АЖ-сін пайдалану бойынша қызмет беруші жұмысшыларының біліктілік дағдыларын арттыруды;
- қызмет берушілердің ақпараттық жүйелері арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді электронды түрде рәсімдеуді және олардың мәліметтерін еңгізу бойынша қадағалауды;
- электронды түрдегі мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің үлесін арттыру мақсатында, қызмет алушылардың арыздары қағаз түрінде түскендігіне қарамастан қызмет көрсету нәтижелерін қызмет берушілердің ақпараттық жүйелері арқылы (*техникалық мүмкіншілігіне байланысты*) электронды түрде рәсімдеуді;
- мемлекеттік органның функционалдық қызметтеріне талдау жүргізіп мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне кіргізуге жататын мемлекеттік қызмет көрсету сипаттамасы бар әлеуетті қызметтерді анықтау;
- халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру мақсатында, азаматтарды «Электрондық үкімет» веб-порталын және арнайы мобильді қосымшаларды (M-gov, DatuMed және т.б.) пайдалану бойынша ауқымды оқыту жұмыстарын жалғастыру.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалына «Электрондық үкімет» порталы арқылы (*өзін-өзі қызмет көрсету секторы арқылы*) баламалы түрде өтініштерді беруге техникалық мүмкіншілігі бар қызмет түрлері бойынша азаматтардың өтініштерін қабылдау мүмкіншілігін қарастыру.

Ақтөбе қаласы және аудан әкімдіктеріне:

- мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тәртібі бойынша азаматтарды ақпараттандыруға, олардың цифрлық сауаттылығын арттыруға және электрондық қызметтерді әйгілеуге бағытталған мемлекеттік көрсетілетін қызметтер жәрмеңкесін тоқсан сайын өткізу тәжірибесін жалғастыру;

- мемлекеттің қоғам алдында есеп берушілік қағидатын қамтамасыз ету мақсатында **ағымдағы жылы 3-ші тоқсанның сонына дейін** аудан (*Ойыл, Бұрғыз, Хромтау, Алға, Әйтеке би, Шалқар және Мұғалжар аудандары*) және Ақтөбе қ. Қоғамдық кеңестерінің күн тәртібінде жергілікті жердегі мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелерін қарауды қамтамасыз ету.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша:

1. Облыстық Қоғамдық кеңестің комиссия төрағалары екінші жартыжылдыққа арналған жұмыс жоспарын хатшылыққа а.ж. жылдың 15 шілдесіне дейін ұсынсын.

Қоғамдық кеңес төрағасы

Қ.Елубаев